

УДК 811.101

**ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ «АҚ КЕМЕ» ПОВЕСІНІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ
САРЫНЫ**

Ғазиз Зарина

qwertyz-2000@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Түркітану кафедрасының 4-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін шебер игерген, оны әлем оқырмандарына танытқан қаламгер Ш.Айтматов шығармашылығы ерекше. Ш.Айтматовтың “Ақ кеме” повесі кезінде Одақ көлеміне ғана емес, сонымен қатар алыс шетел оқырмандарына да кеңінен таныс болды. Бұл повест тек көркемдік – эстетикалық қана емес, сондай-ақ терең философиялық, моралдық негіздердің көрсетеді.

Миф ежелгі адамдардың "даналығының ұйытқысы" ретінде, ұрпақтардың дәлелденген тәжірибесі ретінде, Айтматов үшін әлемнің көркем бейнесін модельдеу қазіргі заманның өзекті мәселелерін ашудың және қоғамдық ақылдың тереңдігіне енудің құралына айналады және ұқсастық суретшіге қоғамдық қатынастарды көлемді түрде бейнелеуге мүмкіндік береді. Айтматов мифологизмінің жемісті тамырларын қырғыз фольклорынан көреді: онда аңыздарда, ертегілерде, астарлы әңгімелерде - жазушы, зерттеушінің пікірінше, шындықты көркем модельдеудің таңғажайып қасиеттерін, символизмнің тереңдігін анықтады. Миф, символ, мотив және архетип ұғымдары біз үшін негізгі терминологиялық аппаратқа айналады. Келесі маңызды категория - "миф" ұғымы. А.ф. Лосевтің, Е. М. Мелетинский, О. М. Фрейденберг Я. Е. Стеблин-Каменский және басқалардың іргелі еңбектері мифтің ғылымда қалыптасқан түсінігі, оның ерекшелігі туралы түсінік береді. Мысалы, О. М. Фрейденберг мифті метафоралар жүйесі ретінде қарастырады, оның көмегімен миф шынайы, жасырын шындық ретінде қабылданады. Миф, зерттеушінің пікірінше, қасиетті сөзжұмбаққа айналады, жаңа, негізінен этикалық тұрғыдан түсіндірілетін дәстүр.

Мотив (moveo) – латын етістігі, «қозғаймын» деген ұғым береді. Мотив термині тек әдебиеттануда ғана емес, тілтану, заң, психология және басқа ғылым салаларында қолданылады. Әдебиеттануға «*мотив*» ұғымы музыкадан келді деген пайымдар кездеседі. Әдебиеттануда мотив мәселесін зерттеу ерекше маңызды болып табылады. Өйткені, мотивтік тұрғыдан талдау көркем мәтінді жаңаша қырынан пайымдауға, атап айтқанда, оны нақты автордың мәтіндер жүйесіне, сол кезеңдегі әдеби дәуірге тән элемент сипатында қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеттануында мотивті әдебиет пен фольклорға қатысты жүйелеу үрдісі қалыптасып келеді. Мәселен, С. Қасқабасов, Ш. Сәтпаева, Ш.Ыбыраев, А. Жақсылықов, Е. В. Корнеева, Н. И. Колодина, Ж. Сыдықова сияқты тағы басқа көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Дегенмен, қазіргі қазақ прозасын, әсіресе поэзияны мотивтік тұрғыда талдау енді ғана қолға алына бастады десек те болады.

"Ақ кеме" әңгімесінде автордың ертегілер арқылы енгізген бірнеше фольклорлық мотивтері бар, олар сюжетте ойын-сауық пен моральдық мағынаға ие (Сан-Таш желі туралы аңыз, мүйізді бұғы туралы аңыз). Олар адамзат қоғамының әмбебап жалпыланған моделін модельдеуге ықпал етеді.

Ш.Айтматовтың жануарлар тағдыры адам тағдырымен, символдық тұрғыдан тығыз байланысты дейді. Адам мен жануардың жақындығы, олардың туыстық байланысының себептері түркі халықтарының мифологиясында жазылған.

Айтматов шығармаларының басым бағыттары: адам өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде қабылдап, онымен үйлесімділікке ұмтылуы керек екендігін көрсетеді және ана құдайының мифологемасына көтерілген ана бейнесі. Ана құдайының ең айқын символикасы дәл жануарлардың бейнелерінде ұсынылған.

“Ақ кеме” повесіндегі кішкене ғана баланың басынан кешкен ауыр трагедиялық халі. Повесте бала қуанышы мен бала қайғысы қатар суреттеледі, терең психологиялық тартыстарға дейін жеткізіледі. Баланың таза, мөлдір, пәк сезімдері оның қиял – ғажайып ертегілік армандарымен қатар . бала әлеміне кіреміз.. Әсіресе баланың мектепке барардағы атасы Момынның соңғы тыққан ақшасына қоңыр портфель алып берер сәті, бала қуанышымен астасып бүкіл әлем, сол бір шағын орман қорықшылар ауылымен ғажап бір күйге түседі. Ол қуанышын бала өзінің ертегілік әлеміндегі “түйе” , “қасқыр”, “танк”, “ертеулі ат” секілді жартас достарына, өзен жағасында өскен бұта шөптерге шейін жеткізеді. Аз ғана қуаныш бүкіл әлемді толтырып кеткендей.

“Ақ кеме” повесіндегі айырықша роль атқарып тұрған миф “Бұғы ана” ертегісі. “Бұғы ана” туралы миф қырғыз халқының ұлттық дүние танымын танытатын дүние. Бұл ғажайып ертегіні балаға атасы Момын әбден құлағына құйып өсірген. Бір халықтың шығу тегін әлдебір аң мен жануарға немесе құсқа телу әлемінің көптеген халықтарына тән қасиет. Тотемдік ұғым бойынша әр тайпаның, әр рудың, әр бір құбылыстың бір жаратушысы болады. Яғни әр бір тайпа, ру өз алдына белгілі бір нәрседен пайда болған деген наным – сенімі болған. Алғашқы кезде ол символдық нышан негізде болса, кейіннен сол анды немесе жануарды сыйынатын піріне айналдырған. Оған сыйынып етін де жемейтін болған. “Ақ кеме” повесіндегі “Бұғы ана” туралы мифте бір халықтың сол тарихи әлеуметтік дәуірінен ұрпақтан – ұрпаққа ауызша айтылып жеткен ғажап бір тотемдік мифі. “Бұғы ана” мифінен қырғыз халқының бір кездері Енесай өзен аңғарын жайлағандығын, күшті де жауынгер ел болғандығын көреміз. Ұлы қамқоршы Ана бейнесінде суреттелген.

Арғықазақ мифологиясын зерттуші С.Қондыбайдың пікіріне сүйенер болсақ ; Ертегілік – эпостық кемпірлерге берілген “жақсы – жаман” деген этикалық бағам – мифтік кемпірдің бейнесін реконструкциялауда маңызды емес, өйткені мифтік бейне – екі ұдайлы, яғни жақсы да, жаман да болуы мүмкін [3 кітап, 2-67].

"Ақ кеме" әңгімесінде автор ана құдайының мифологемасын тотемдік меценаттың дәстүрлі мотивіде енгізген. Оны Айтматов түркі халықтарының мифологиясындағы ана Құдайының мифологемасына байланысты идеялар жиынтығына сәйкес жасаған. Мәтінде қасқыр бейнесі мен мифологиялық ана Құдайы арасындағы тікелей параллельдер бар. Түркі халықтарының мифологиясындағы көк көзді Қасқыр-түркі тайпаларының ұрпағы екені белгілі. Мифтық аңыздарда қасқырлардың қамқоршысы Бюри-Эне "қасқыр-ана"өзінің қиындықтарына шағымданады. Көз жасын төгіп, оған адамдардың қатыгез озбырлығынан қорғауды іздейді. Бюри-Эне бейнесі Умай ананың мифологемасынан бастау алады. Айтматовтың ойынша, ғаламдағы барлық нәрсе өзара байланысты: ең алдымен адам мен табиғат. Табиғи тіршілік иесін өлтіру көбінесе кейіпкердің өзіне - өзінің жадына және өзіндік құндылықтарына қастандық болады. Бұл "ақ пароход"әңгімесінің лейтмотиві. Авторды қызықтыратын негізгі ой: тотемдік жануарды өлтіру-алғашқы Ата-Баба құдайдың қамқорлығының жоғалуына әкеледі және қайтыс болған уақыттың басталуын көрсетеді. Әңгімеде аңыз аяқталған жоқ, Айтматовтың айтуынша, орман кордонының тұрғындары олар жасаған уақытқа енгізілген өмір кешуде.

"Ақ кеме" Ана-бұғы туралы аңыздар шығармаға арқау болған. Кейіпкерлер: ата мен немере. Момын шал өте жуас, көнбіс адам болған. Момын Ана-бұғы туралы аңызға қалтқысыз сенеді. Осы оның адамшылық, ізгілік қасиеттерінің өлшеміне айналған. Олар үшін аңыз – айтыла салған бос қиял емес, халықтың рухани байлығы, ұғымы, санасы және тарихы», - дейді Айтматов шығармашылығы жайлы сұхбатында философ Ғ.Есім [3, 36].

Миф поэтикасын зерттеуші Е.М.Мелетинский архаикалық, яғни ежелгі классикалық мифтердің басты белгілерін былай жіктеп көрсетеді: а) заттың мәнін оның пайда болуымен байланыстыру; ә) оның қалай пайда болғанын әңгімелеу; б) дүниенің пайда болу тарихын баяндау [4, 142].

Көне дәуірдегі адамдар өздерін аңнан немесе құстан, яғни бұғыдан, бөріден, киттен тарадық деп түсінгені біздерге жеткен мифтік әңгімелерден белгілі. Мысалы, қырғыз халқының бұғы-ана туралы мифіндегі тотемі – бұғы... Түркі тайпаларының бір тотемі – бөрі. Ең көне дін болып саналатын зороастризм адам мен жануарды қандас туыс деп түсіндіреді. Қытайдың көне дәуірден жеткен жазба шежіресі “Суйшуде” Ашин ордасының шыққан тегі туралы тарихи анықтамамен қоса “мифке негізделген аңыз” [5, 221].

Тотемдік мифтер адамдар мен жануарлар арасындағы байланысқа барынша сенген, олардың кейбіреулерін өздерінің ата-тегі деп, кейбіреулерін киелі деп санаған көне таным негізінде туындаған. Табиғат пен Адамды тең деп түсінген баяғы танымнан өрбіген жан-жануарлар әлемімен, тіршілік атаулымен үйлесімде өмір сүру ұстанымдары адам баласы үшін қаншалық маңызды екенін Ш.Айтматов «Ақ кемедегі» Бұғы-Ана туралы мифтік желілерді шығарма оқиғасына енгізу арқылы аңғартады. Бағзы бабалардан жеткен осы аңызға деген сенім бұл екі қарт үшін адамшылық тұғыры, ізгілік атаулының өлшемі айналған. Олар үшін аңыз – рухани байлық, ата-баба қастер тұтқан ұғым, елдің тағдыры және өткен тарихы. Жазушыға бұндай ежелгі танымнан туындаған әңгімелер бүгінгі күннің бейнесін сомдау үшін өте қажет.

Әлем халықтары мифологиясында бұлттың адам тағдырымен байланыстылығына көп мән беріледі. Осы бір мистикалық қасиетке ие жаратылыс туралы айтылар әңгіменің көбі тылсыммен сабақтасады. Ерекше жаратылған пайғамбарлар өмірі бұлтпен тығыз байланысты. Көктегі бұлт пен жердегі пенденің арасындағы құпия сырға толы байланыстың астарында баяғы таным жатқаны да ақиқат. Алайда, бүгіннің ғылымы да сол құпияға толы байланысты жоққа шығармайды. Мистиктердің айтуы бойынша бұлттар да кәдімгі адамдар сияқты көңіл күйімен ерекшеленеді, ойланады, қайғырады, т.б.

Жаратылыс тылсымының сырларын түсінуге ұмтылған мифтік сана мен дүниені басқа қалыпта бейнелеген поэтикалық сана арасындағы байланыс әдеби туындыларда айқын көрінгеніне мысалдар көп.

Адам тағдырымен тікелей байланыста өрбиді. Адам нәсілінің жалғасуына, ұрпақты аман сақтауға бәрі де жауапты. Өйткені ол, дүние есігін енді ашқан нәресте – өмірдің жалғасы, ертеннің иесі.

Ш.Айтматов шығармашылығының алтын өзегіне айналған ұлы гуманизм тамырын сонау есте жоқ ескі замандардан алатын дүниетанымды жаңғырта суреттеумен тығыз байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Айтматов “Ақ Кеме” повестер. – алматы: атамұра, 2005-368-бет.
2. Қ.Серікбол “Арғықазақ мифологиясы”. үшінші кітап, алматы: дайк – пресс; 2004-481-бет.
3. Ғ. Есім Айтматов – әлем тұтастығын сезіне алған қаламгер // «аңыз адам», №11 (23), 2011
4. Е.М. Мелетинский Поэтика мифа. м., 1976. – 407 стр.
5. Н.Я. Бичурин Ерте заманда орта азияны мекендеген халықтар жөніндегі мәліметтер. м – л., 1953. – 315 бет.